



«Бекітемін»
Тілдер және менеджмент факультетінің деканы
Раманова А.А.
_____ 2023 ж.

Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B01704- «Қазақ тілі мен әдебиеті және түрік тілі»

Оқуға түскен жылы: 2023 жыл

Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасының отырысында талқыланып және бекітуге ұсынылды

Кафедра отырысы № 8 хаттама « 24 » 03 2023

Факультет кеңесі № 8 хаттама « 30 » 03 2023

Кафедра меңгерушісі: Асем Бекмашева А.Н.

Төмендегі жұмыс берушілермен келісілді:

Келісілді:

Орал қаласы, №19 ЖОББМ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)



Давлетов Талгат Рахимович
(аты-жөні)

Орал қаласы, №40 ЖОББМ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)



Бакытжанова Асем Самиголлаевна
(аты-жөні)

БҚО дарынды балаларға арналған мамандандырылған
«Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты КММ директоры
(лауазымы, ұйым атауы)



Жумажанов Елнур Кабидуллаевич
(аты-жөні)

Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінің директоры
(лауазымы, ұйым атауы)



Габдуллина Зухра Мендибаевна
(аты-жөні)

№	Пәннің циклі Цикл дисциплин	Пәннің атауы Название дисциплин ы	Кредит саны Количество кредитов	Шамаланған семестр Предлагаем ый семестр	Аннотация	Пререквизиттер	Пререквизиттер	Постреквизиттер Постреквизиты
1	БП, ТК	Тіл біліміне кіріспе	4	1	Меңгеру мақсаты: Қазақ тілінің курсына қажетті терминдер мен негізгі салаларының мәселелерін меңгеру. Қысқаша мазмұны: Тіл туралы ғылым. Тіл білімінің нысаны және пәні, ғылымдар жүйесінде алатын орны. Тілдің жүйесі мен құрылымы. Жазу теориясы мен тарихы. Тіл білімінің фонетика саласы. Тіл білімінің лексикология саласы. Тілдің сөздік құрамы. Фразеология. Тілдің грамматика саласы. Грамматикалық тәсілдер мен амалдар. Грамматикалық категориялар. Сөз таптары. Сөз тіркесі. Сөйлем. Әлем тілдерінің топтастырылуы. Күтілетін нәтижелер: Білім: Тілдің табиғаты, қоғамдық мәні, тілдің пайда болу теориялары, оның құрылымдық және жүйелік сипаттары, тілдер дамуындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктер, жалпы халықтық тіл мен оның өмір сүру формалары, тілдердің типологиялық және генеологиялық топтастырулары, жазудың пайда болуы мен даму үрдістері, тіл білімінің зерттеу әдістері мен методологиясы, басқа ғылымдар жүйесімен байланысын білу. Іскерліктер: Лингвистикалық терминдермен танысып, оларды ғылыми тұрғыдан пайдалануға үйрену. Дағдылар: тілге байланысты жаттығуларды орындай алуы; тілдік нормаларды сақтау дағдысын игеру; айтылым, жазылым дағдысын дамыту. Құзіреттілік: өзінің білім беру деңгейін тұрақты арттыруға дайын болу, жеке-бас әлеуетін толыққанды іске асыру қажеттілігінің болуы.			Қазіргі қазақ тілі фонетикасы Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы; Қазіргі қазақ тілінің семасиологиясы ; Қазақ тілінің тарихи тіл білімі; Қазақ әдеби тілінің тарихы; Жалпы тіл білімі
	БП, ТК	Орфография және пунктуация негіздері	4	1	Меңгеру мақсаты: Орфография мен пунктуацияның заңдылықтары мен емле ережелерін меңгерту. Қысқаша мазмұны: Қазақ орфографиясының принциптері. Қазіргі қазақ емлесінің ережелері. Дауыстылардың жазылуы. Дауыссыздардың жазылуы. Бірге жазылатын сөздер. Бөлек жазылатын сөздер. Дефис арқылы жазылатын сөздер. Шылау және			Қазіргі қазақ тілі фонетикасы Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен

					одағай сөздердің жазылуы. Қосымшалардың жалғануы. Бас әріптің қолданылуы. Тасымал. Тыныс белгілері туралы жалпы түсінік. Нүкте. Сұрау белгісі. Леп белгісі. Үтір. Нүктелі үтір. Жақша. Қос нүкте. Тырнақша. Сызықша. Күтілетін нәтижелер: Білім: Сөздерді ережеге сай дұрыс жазу, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, бас әріптердің қолданылуы, тыныс белгілерінің дұрыс қойылу мәселелерін білу. Іскерліктер: Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды білу. Дағдылар: Емле, тыныс белгісі, сөз сазы мәселелерін талдай білу, сауатты жаза білу. Құзіреттілік: кәсіби шеберлігін, пәндік біліктілігін қалыптастыру.		фразеологиясы; Қазіргі қазақ тілінің семасиологиясы; Қазақ тілінің тарихи тіл білімі; Қазақ әдеби тілінің тарихы; Жалпы тіл білімі
2	БП, ТК	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы	5	3	Меңгеру мақсаты: Дыбыс түрлерін, сингармонизм заңдылықтарын, дыбыс үндестігі ережелерін меңгерту. Қысқаша мазмұны: Дыбыс, фонема, әріп өздеріне тән ерекшеліктері мен айырмашылықтары, зерттелуі. Буын, тасымал, олардың негізгі белгілері және зерттелуі. Просодика, акцентуация, екпін мәселелері, тіл біліміндегі орны. Сингармонизм құбылысы, фонологиялық функциясы, тілдік дамуы. Дыбыс үндестігі, аккомодация құбылысы, орфография мен орфоэпияға қатысы. Тілдегі морфофонологиялық құбылыстар, оның фонетикалық құбылыстардан айырмашылығы. Позициялық өзгерістер, орфография мен орфоэпияға қатысы. Қазақ тілінің сингармо-орфоэпиялық нормасы және фонетикалық транскрипция. Күтілетін нәтижелер: Білім: Сөздерді ережеге сай дұрыс жазу, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, бас әріптердің қолданылуы, тыныс белгілерінің дұрыс қойылу мәселелерін білу. Іскерліктер: Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды білу. Дағдылар: Емле, тыныс белгісі, сөз сазы мәселелерін талдай білу; Сауатты жаза білу. Құзіреттілік: кәсіби шеберлігін, пәндік біліктілігін қалыптастыру.	Тіл біліміне кіріспе	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы
	БП, ТК	Қазақ	5	3	Меңгеру мақсаты: Қазақ жазуының тарихымен,	Тіл біліміне	Қазіргі қазақ

		жазуының тарихы және латын графикасы			кезендерімен таныстыру және латын алфавитіне көшу тарихымен, латын графикасының ерекшеліктерін меңгерту. Қысқаша мазмұны: Қазақ графикасы. Көне түркі жазуы. Араб жазуына негізделген қазақ жазуы. А.Байтұрсынұлының әліпбиі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуы. Кириллицаға негізделген қазақ жазуы. Ұлттық әліпби деңгейіне жету жолы. Жаңа қазақ әліпбиі. Жаңа емлелік заңдылықтар. Жаңа жазудың ерекшеліктері. Күтілетін нәтижелер: – Білім: Қазақ жазуының шығу тегін, қалыптасуын, даму жолын білу. Латын графикасымен толық таныс болу. Іскерліктер: Латын графикасымен мәтінді сауатты жазу; Дағдылар: Қазақ жазуының тарихына талдау жасай білу; жазылым дағдысын қалыптастыру; Құзіреттілік: Кәсіби іс-әрекетке байланысты жағдаяттарды шешу, шешім қабылдай білу, педагогикалық технологияларды қолдануға қабілетті болу.	кіріспе	тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы
3	БП, ТК	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	5	4	Меңгеру мақсаты: Сөз және мағына, сөз мағынасының түрлері, сөздің көп мағыналылығы, лексикалық омонимдерді, сөз варианттарын меңгеру. Қысқаша мазмұны: Лексикалық антонимдер. Синонимдер. Лексикалық табу және эвфемизмдер. Қазақ тілінің сөздік құрамы. Сөздік құрамның тарихи арналары. Бейтарап лексика. Кітаби лексика. Актив және пассив сөздер. Неологизмдер. Көнерген сөздер. Фразеология. Лексикография. Этимология. Күтілетін нәтижелер: Білім: Сөз мағынасының түрлерін, лексикологияның өзекті мәселелерін аша білу; қазақ тілінің актив және пассив сөздерін ажырата білу. Іскерліктер: Сөздердің стильдік мәнін, сипатын аша білу; Сөздіктердің құрылымын тани білу. Дағдылар: Лексикологиялық талдау жасай білу дағдысын қалыптастыру; Оқу, жазу, іскерлік дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Лингвистикалық (қарым- қатынас жасаудың тілдік әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде игеру).	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі
	БП, ТК	Қазіргі қазақ	5	4	Меңгеру мақсаты: Семасиология ғылымы, зерттеу нысаны,	Қазіргі қазақ	Қазіргі қазақ

		тілінің семасиологиясы			семасиология және ономасиология, сөз, оның белгілері, сөз және ұғым, сөздің лексикалық мағынасы, сөздің грамматикалық мағынасы, лексикалық мағынаның түрлері, типтерін меңгеру. Қысқаша мазмұны: Сөздің ауыспалы мағынасы. Көп мағыналылық. Омонимия. Синонимия. Сөз варианттары. Антонимдер. Табу және эвфемизмдер. Дисфемизмдер. Қазақ тілінің фразеологиясы. Лексикалық мағынаның құрылымы. Денотаттық, сигнификаттық мағына. Лексикалық мағынаның микрокомпоненттері, макрокомпоненттері. Күтілетін нәтижелер: Білім: Сөздік құрамдағы жеке единицалардың мағыналарын білу; Сөз мағынасының түрлерін, дамуын, ауысуы мен өзгеруін қарастыру. Іскерліктер: Сөз мағыналарын ажырата білу; Зерттеуші ғалымдар еңбектеріне шолу жасап, талдау жасай білу. Дағдылар: Сөз мағынасына талдау жасау дағдысын қалыптастыру; Сөздің контекстегі мағынасын аша білу. Құзіреттілік: дискурсивтік (әр түрлі типті, стильді, жанрдағы мәтіндерді байыпты құрудың коммуникативтік біліктері).	тілі фонетикасы	тілінің морфологиясы, Қазақ тілінің морфологиясы, Қазақ тілінің синтаксисі
4	БП, ТК	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	5	5	Менгеру мақсаты: Сөздердің грамматикалық қасиеттері. Грамматика және оның салалары. Негізгі грамматикалық ұғымдар. Қысқаша мазмұны: Сөз таптары. Зат есім. Көмекші есімдер. Зат есімнің құрылымы. Зат есімнің грамматикалық категориялары. Сын есім. Шырай категориясы. Сан есім. Есімдік. Етістік. Етістіктің категориялары. Үстеу. Еліктеу сөздер. Шылау. Одағай. Күтілетін нәтижелер: Білім: Қазақ тіліндегі сөздердің лексика-грамматикалық топтарын білу; Морфология бойынша теориялық материалдарды игеру. Іскерліктер: Сөйлемге морфологиялық талдау жасай білу; Сөздерді сөз таптарына топтастыра білу. Дағдылар: Жазылым дағдысын қалыптастыру; Теориялық білімді практикада қолдану дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: зерттеушілік құзыреттілігі мен нәтижеге жетуге бағытталған әдістемелік құзыреттілік.	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі
	БП, ТК	Қазіргі қазақ	5	5	Менгеру мақсаты: Морфонология туралы түсінік.	Қазіргі қазақ	Қазіргі қазақ

		тілінің морфонологиясы			морфонологияның зерттеу нысаны, бірліктері. Қазақ морфонологиясының зерттелуі. А.Айғабылұлының зерттеулері. Қысқаша мазмұны: Фонетика, морфология және морфонология. Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар. Морфонологиялық дыбыс алмасулар. Қыстырма дыбыс қосу. Ықшамдау. Дауысты дыбыс редукциясы, дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуы, апакопа, гаплогия құбылыстары. Морфонема. Күтілетін нәтижелер: Білім: үндесімнің фонетикалық табиғатын аша білу; фонологияның өзекті мәселелерін білу. Іскерліктер: дыбыстық құрамға талдау жасай білу; дыбыстық құбылыстарды ажырата білу. Дағдылар: Фонетика мен морфонологияның төл нысандарын ажырата білу; тақырыптық негізгі белгілерге байланысты іскерлік пен дағды қалыптастыру. Құзіреттілік: әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы зерттеушілік құзыреттілігі мен әдістемелік құзыреттілігі, тілдік құзыреттілігі.	тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	тілінің синтаксисі
5	БП, ТК	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	5	6	Меңгеру мақсаты: Қазақ тілі білімінің ірі саласы ретінде синтаксис жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі деп бөлінеді. Синтаксис сөз тіркесі, жай сөйлем түрлері және құрмалас сөйлем түрлері туралы білім саласы. Тілдегі сөйлем түрлері мен олардың жасалу жолдарын меңгеруді мақсат еткен. Қысқаша мазмұны: Синтаксис туралы түсінік. Сөз тіркесі. Есімді тіркестер. Етістікті сөз тіркестері. Жай сөйлем синтаксисі. Сөйлем мүшелері туралы түсінік. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Сөйлемнің түрлері. Жай сөйлемнің құрылымдық типтері. Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлем. Аралас құрмалас сөйлем. Бөгде сөз, оның түрлері. Мәтін. Күтілетін нәтижелер: Білім: Сөз бен сөздің байланысу тәсілдері мен формаларын білу; сөйлем түрлерін, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін білу. Іскерліктер: Сөйлемге синтаксистік талдау жасай білу; сөз тіркесінің өзіндік белгілерін басқа тілдік единицалардан ажырата білу. Дағдылар: Жазылым дағдысын қалыптастыру; кешенді	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Жалпы тіл білімі

					талдау жасау дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Синтаксис бойынша алған білімін зерттеушілік, әдістемелік және ақпараттық құзіреттіліктер қалыптасады.		
	БП, ТК	Синтаксистік синтагма	5	6	Меңгеру мақсаты: Синтагма туралы түсінік қалыптастырып, синтагма түрлері мен синтагманың қызметін, сөйлемдегі синтагма түрлерінің арқылы сөйлемдегі синтаксистік байланыс түрлері ажырата білуге бағытталған. Қысқаша мазмұны: Синтагма туралы түсінік. Синтагма түрлері. Синтагманың қызметі. Синтагма мүшелері. Синтагмалық қатынас. Ішкі және сыртқы синтагма. Синтагмалық процесс. Парадигма. Парадигмалық және синтагмалық қатынас. Сөз-синтагмалар. Сөйлемдегі синтагма түрлері: предикативтік, объективтік. Сөйлемдегі синтаксистік байланыс түрлері. Күтілетін нәтижелер: Білім: Синтагматиканың ерекшелігін, тілдік жүйедегі маңызын білу; синтаксистік синтагматиканың басқа синтагмалардан, тілдік бірліктерден айырмашылығын білу. Іскерліктер: Синтаксистік синтагматиканың басқа синтагмалардан, тілдік бірліктерден айырмашылығын білу. Дағдылар: Теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алу дағдысын қалыптастыру; тілдік талдау дағдысымен қаруландыру. Құзіреттілік: Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында тілдік білімін арттыруға бағытталған дербес және тілдік құзіреттілік.	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	
6	БП, ТК	Ерте ғасырлардағы қазақ әдебиеті	5	4	Меңгеру мақсаты: Ерте ғасырлардың хронологиясын белгілеу. Әдеби мұраларды зерттеушілердің еңбектерін салыстырып, әдеби үлгілермен танысу. Қысқаша мазмұны: Көне түркі әдебиеті. Көне түркі жазба ескерткіштері. Күлтегін жырлары. Қорқыт ата кітабы. Оғыз-наме. Әбу-Насыр әл-Фараби. М.Қашғари «Диуани лұғат ат- түрк». Ж. Баласағұн «Құтадғу біліг». А.Иүгінеки. «Хибатул –Хақайық». А.Яссауи «Диуани хикмат». Н.Рабғузи. «Рабғузи қиссалары». Хорезми «Мұхаббат-наме». Құтб. «Хұсрау-Шырын» дастаны. Сайф Сараи «Гүлстан бит-түрки». Әбілғазы. «Шежіре и-түрк». Х.Дулати «Тарих-и-Рашиди». «Бабыр-наме». Күтілетін нәтижелер:	Фольклорлық мұралар әдебиеті	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

					Білім: ерте ғасырлардағы қазақ ауыз әдебиетімен таныс болу; Ерте ғасырлардағы ауыз әдебиеті үлгілеріне тән негізгі белгілерді білу. Іскерліктер: Ауыз әдебиеті үлгілеріне талдау жасай білу; Ерте ғасырлардағы ауыз әдебиеті үлгілеріне тән негізгі белгілерді тани білу. Дағдылар: Әдеби талдау жасау дағдысын қалыптастыру; Оқылым дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Ақпаратты талдап тандап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау арқылы қажетті ақпаратты іздеу.		
	БП, ТК	Орта және ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті	5	4	Меңгеру мақсаты: ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ даласындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың қазақ әдебиетінің даму тарихына ықпалын түсініп, осы кезең әдеби мұраларымен танысу. Әдебиеттегі жыраулар поэзиясының алатын орны. Қысқаша мазмұны: Орта және ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиетіне тән негізгі белгілер мен ерекшеліктері. Жыраулар кезеңі. Қазтуған. Асан қайғы. Доспамбет жырау. Жиымбет жырау. Ақтамберді жырау. Тәтікара ақын. Үмбетей жырау. Бұқар жырау. Шал ақын. Жанақ ақын. Жыраулар шығармашылығының ақындық поэзиядан ерекшелігі. Күтілетін нәтижелер: Білім: Жыраулық поэзияның мәтінін білу; Жыраулар поэзиясының негізгі ағымын көрсете білу. Іскерліктер: тұрмыстық өлеңдер мен арнау жырларға талдау жасау; әдеби талдау жасай білу. Дағдылар: әдеби-кешенді талдау жасау дағдысын қалыптастыру; поэзиялық шығарманы оқу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Студенттердің берілген білімдерді қабылдап, сұрыптап, нәтижелі жұмыс жасауына ықпал ететін ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру.	Халық ауыз әдебиеті	ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті
7	БП, ТК	ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті	5	6	Меңгеру мақсаты: ХІХ ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың әдебиетке әсері. Аталған кезеңдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің әдеби мұрасын меңгеру. Қысқаша мазмұны: ХІХ ғ. <u>қазақ әдебиеті</u>. ХІХ ғ. дәстүрлі айтыс өнері. ХІХ ғ. сал-серілер. Ән өлең. Өнерпаздық, сыршылдық	Әдебиеттану негіздері	ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті

				ағым. Махамбет және дәстүрлі жыраулық поэзия . XIX ғ. қисса-дастандар. Зар заман поэзиясы. Шортанбай Қанайұлы. Дулат Бабатайұлы. Мұрат Мөңкеұлы. Шернияз Жарылғасұлы. Алмажан Азаматқызы. Әбубәкір Кердері. Ақмолла Мұхамедиярұлы. Шоқан Уәлиханов. Ыбырай Алтынсарин. Абай Құнанбайұлы. Күтілетін нәтижелер: Білім: Ағартушы-демократиялық бағыттағы ақын-жазушылар шығармаларын білу; Дидактикалық поэзия өкілдерінің шығармаларын білу. Іскерліктер: Поэзиялық шығармаларға талдау жасай білу; Прозалық шығармаларға сыни пікір білдіру. Дағдылар: Сыни талдау дағдысын қалыптастыру; Әдеби мәтінге талдау жасау дағдысын арттыру. Құзіреттілік: Алған ақпараттарын өмірде қолдана алуға жағдай жасау үшін оқыту тәсілдерін қолдану арқылы ақпараттық құзыреттілі арттыру.		
БП,ТК	Дидактикалық әдебиет	5	6	Меңгеру мақсаты: Дидактикалық әдебиет – әдеби жанр. Ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, ғибрат ойларды білдіретін шығармалар. Қысқаша мазмұны: Дидактикалық әдебиет – әдеби жанр. Ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, ғибрат ойларды білдіретін шығармалар. Дидактикалық көркем сөздегі мақал-мәтелдің, ақыл-нақылдардың, ертегі-эпостың әсері. Қазақ әдебиетіндегі Абайдың «Қара сөздері» мен поэмалары шығыстық дидактикалық шығармалардың дәстүрлі жалғасы. Дидактикалық жанрда жазылған өлеңдер. Ағартушылық-ақылмандық дәстүр. Күтілетін нәтижелер: Білім: Жыраулар поэзиясының негізгі ағымын көрсету, тарихын білу; Дидактикалық әдебиет өкілдерін білу. Іскерліктер: Жыраулар поэзиясына талдау жасай білу; Жыраулар поэзиясының мәтінін жатқа білу. Дағдылар: Әдеби талдау жасау дағдысын қалыптастыру; Мәтінді жатқа оқу дағдысын игеру. Құзіреттілік: Әдеби мұраларды меңгеру барысында ақпараттық, әдістемелік құзыреттілік.	Әдебиеттану негіздері	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті

8	БП, ТК	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	5	6	Менгеру мақсаты: XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдеби байланыстары, XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің бағыттары, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі негізгі идеялары. Қысқаша мазмұны: XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Жанрлық және тақырыптық аясының кеңеюі (1905-1930). Қазақ баспасөзінің дамуы. С.Торайғыровтың шығармашылығы. Ш.Құдайбердіұлының дастандары. А.Байтұрсынұлының шығармашылығы. М.Дулатұлы шығармашылығы. Ж.Аймауытұлы. М.Жұмабаев. М.Сералин. С.Мұқанов. Ғ.Мүсірепов. Қ.Аманжолов. Ә.Тәжібаев. Х.Есенжанов. Ж.Молдағалиев. С.Мәуленов. Ә.Нұрпейісов. З.Шашкин. Ә.Нұршайықов. З.Қабдолов. М.Мақатаев. Ш.Мұртаза. М.Шаханов. С.Жүнісов. Қ.Мырза-Әлі. Т.Молдағалиев. Қ.Жұмаділов. Ә.Кекілбаев. М.Әуезов. М.Мағауин. О.Бөкей. Қазіргі қазақ айтысы. Күтілетін нәтижелер: Білім: XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлттың ой-санасын оятудағы міндеттерін анықтау. XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттің өркендеуіне негіз қалаған қоғамдық-санаткерлік, көсемсөздік (публицистік) қызметтер нәтижелерін айқындау. Іскерліктер: XX ғасыр басындағы әдебиеттің XIX ғасырдың екінші 10 жартысындағы әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдық үрдісті бағамдау. Дағдылар: XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеттегі аса көрнекті әдеби тұлғалардың көркемдік әдіс-тәсілдері мен өзіндік қолтаңбасын тану дағдысы. Құзіреттілік: XX ғасыр басындағы әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың дамуын саралай білген зерттеушілік құзыреттілік, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің белгілі өкілдерінің көрнекті туындыларын талдау арқылы қалыптасқан кәсіби құзыреттілік.	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	
	БП, ТК	Деректі әдебиет	5	6	Менгеру мақсаты: Қазақ әдебиетінде танылған көркем шығармалардың деректілігіне, заман, уақыт ұсынған әлеуметтік құбылыстар мен проблемаларды саралау. Сондай-ақ жаңа ғасырға аяқ басқан ел әдебиетін саралап, қазақ әдебиетіндегі тың	Әдебиеттану негіздері	

					проблемаларға назар аудару. Деректі шығармаларды, поэзия, проза, драматургия жанрлық жағынан ерекшелігін ажырату және олардың даму ерекшеліктерін айқындап, ажырату. Қысқаша мазмұны: Жоғары оқу орындарында тәуелсіздік кезеңінен бастап оқытылып, кейін бұрынғы кеңестік көркем шығарманы тану ұстанымдарына жаңа методологиялық тұрғыдан назар аудара отырып, әдеби мұраларға жаңаша пайыммен қарау тұрғысында оқытылып жүрген пән. Бұл курста ауыз әдебиеті, кеңестік кезенге дейінгі қазақ әдебиеті, кеңестік кезеңдегі әдеби ахуал, поэзия, проза көркем-аударма т.б. мәселелер кеңінен қарастырылады. Күтілетін нәтижелер: Білім: Меңгерген теориялық білімдері негізінде өтілген материалдарға көркем мәтіндік талдау жасай білуі. Жанр түрлеріне, образдар жүйесіне, сюжет желісіне, авторлық идеяға, жазушылық стилге т.б. яғни шығарманы талдау. Қазақ әдебиеттану ғылымына байланысты теориялық мәселелерді сабақ процесінде практикамен ұштастыра білу. Іскерліктер: Меңгерген теориялық білімдері негізінде өтілген материалдарға көркем мәтіндік талдау жасай білуі; жанр түрлеріне, образдар жүйесіне, сюжет желісіне, авторлық идеяға, жазушылық стилге т.б. яғни шығарманы талдауы; Дағдылар: теориялық білімін практикада қолдана білу дағдысы болуы. Сыни талдау дағдысын қалыптастыру. Әдеби мәтінге талдау жасау дағдысын арттыру. Мәтінді талдау дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: қазақ әдебиеттану ғылымына, соның ішінде, қазіргі қазақ әдебиетінде танылған барлық жанр түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты барлық теориялық және практикалық мәселелерде.		
9	БП, ТК	Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті	5	7	Меңгеру мақсаты: Қысқаша мазмұны: 1960-2000 жылдардағы проза жанрының тақырыптық тенденциялары. Ұлы Отан соғысы ақын жазушылардың шығармашылығында. Поэзияның жаңа көркемдік белестері. Драматургияның дамуы. Әдеби сын, әдебиеттану тарихы. Тарихи адамдар өмірінен жазылған шығармалар.	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Орта және ХҮ-ХҮІІІ	Қазіргі қазақ әдебиеті

					І.Есенберлиннің, М.Мағауиннің, Ә.Кекілбаевтің тарихи шығармалары. Кеңестік дәуірдегі қазақ романдары. Кеңестік дәуірдегі қазақ повестері мен әңгімелерінің жанрлық дамуы. Кеңестік дәуірдегі қазақ поэмалары Күтілетін нәтижелер: Білім: Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті шығармаларын білу; Кеңестік дәуірдің қаламгерлерін түгел білу. Іскерліктер: Көркем шығармаға әдеби талдау жасай білу; Әдеби мәтінмен таныс болу. Дағдылар: Оқылым, айтылым дағдысын қалыптастыру; Мәтінді сауатты талдау дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: шығармашылық қызметтің теориялық негіздерін, шығармашылық психологиясы саласындағы білімдерді меңгеруге бағытталған әдістемелік құзыреттілік.	ғасырдағы қазақ әдебиеті	
	БП, ТК	1940-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті	5	7	Меңгеру мақсаты: XX ғасырдың соңындағы әдеби процесс пен әдебиет процесі мен тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық нақты білім беру. Курс Қазақ әдебиеті тарихының XX ғасырға дейінгі кезеңдерін, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелерін, ТМД халықтарының әдебиетін оқытуға бағытталған. Қысқаша мазмұны: Көркемдік дамудағы жалғастық пен жаңашылдықты ескере отырып, XX ғасырдың 1940-1980 жылдарындағы басты-басты әдеби шығармаларды идеялық, жанрлық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдап, шеберлік мәселелеріне байланысты бағалай білу студенттердің өз пікірлерін қалыптастыруына жағдай жасайды. Аталмыш пәнді игеруде қазақ әдебиеті тарихының XX ғасырға дейінгі кезеңдері, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелері, ТМД халықтарының әдебиеті, соның ішінде орыс әдебиетіндегі ағымдар мен басты бағыттар, бауырлас түркі халықтары әдебиеті кеңірек қамтылып отырады. Күтілетін нәтижелер: Білім: әдеби шығармаларды идеялық, жанрлық, көркемдік-бейнелеу тәсілдерін тану; Көркемдік шеберлік мәселелеріне байланысты бағалай білу. Аталған уақыттағы әдеби шығармаларға	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	

					қатысты өз пікірлерін қалыптастыру. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелері туралы білу. Іскерліктер: Аннотация, мақалаларды талдай білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру. Аннотация, мақалаларды талдай білу. Құзіреттілік: қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелерді игеру барысында кәсіби құзіреттілік.		
10	БП, ТК	Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті	5	-7	Менгеру мақсаты: Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері мен әр кезең өкілдерінің шығармаларымен таныса отырып, әдеби шығармаларды талдау. Әдебиеттің негізгі бағыттарына шолу жасап, зерттеу еңбектерін оқып, танысу. Қысқаша мазмұны: Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. Қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері. Қазіргі кезеңдегі драматургия. Қазақ әдеби сынының жайы. Қазіргі қазақ сатирасы. Қазіргі қазақ романдары. Қазіргі қазақ повестері. Қазіргі қазақ әңгімелері. Деректі проза. Қазіргі қазақ лирикасы. Қазақтың философиялық лирикасы. Қазіргі қазақ поэмалары. Күтілетін нәтижелер: Білім: Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті өкілдерін, шығармаларын білу; әдеби процесс туралы білу. Іскерліктер: Әдеби талдау жасай білу; Көркем шығарма мазмұнын айта білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларын, ұғымдарын, тарихи кезеңдерін білу; ерте және орта ғасырлардағы әдеби мұраларды игеру барысында кәсіби құзіреттілік.	Кеңестік – дәуірдегі қазақ әдебиеті	
	БП, ТК	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті	5	7	Менгеру мақсаты: Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы даму бағыттарын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романының ерекшеліктері. Қысқаша мазмұны: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың ғылымилық ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың жүйелілігі және жоспарлылығы ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ	Әдебиеттану негіздері	

					әдебиетін оқытудың оқушылардың саналылығы мен белсенділігі ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың қолжетімділік ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың пәнаралық байланысы ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың көрнекілігі ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың инновациялылығы ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың тәрбиелік мәні. Күтілетін нәтижелер: Білім: тәуелсіздік алған жылдардан бергі қазақ әдебиетіне келген жаңа есімдер мен шығармалар жайлы түсінік беру. Олардың қаламынан шыққан әрбір шығарманың елінің егемендігі төңірегінде тарқатылған шер сияқты, жүрек жарды лебіздері мен тілектері туралы айту. Іскерліктер: Көркем шығармаға талдау жасай білу. Тәуелсіздік жылдарындағы әдеби жанр түрлерін ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің маңызды шығармаларын талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
11	БП, ТК	Түрік тілінің тарихы	4	5	Менгеру мақсаты: Пәннің мақсаты - түрік тілінің даму тарихы туралы білім беру. Пән қазіргі кездегі түрік тілінің жазба ескерткіштері мен олардың орналасқан жері, тарих пен географияда сақталу жөрежесі туралы мәлімет береді, түрік тілінің көне тарихы мен қалыптасу, даму ерекшелігін оқытуды көздейді. Қысқаша мазмұны: Тарихи кезеңдер және түрік тілінің дамуы. Сөйлеу тілі. Жазбаша тіл. Түрік тілінің тарихи кезеңдері. Ескі түрік кезеңі а)Көктүрік мәтіндері б)Ұйғыр мәтіндері в)Қараханид мәтіндері Орта түркі кезеңі. Жаңа түрік кезеңі. Қазіргі түрік кезеңінің тарихи дамуы ескі түрік жазба тілінің ескі солтүстік-шығыс түрік тілі. Батыс түрік тілі		Түрік тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу практикасы Практикалық түрік тілі

				А) Ескі анатолиан (ескі түрік) түрік б) османлы түрік в) Түрік Тілдің екі қыры, сөйлеу тілі және жазбаша тілі бар. Күтілетін нәтижелер: Білім: Тілдің екі қыры, сөйлеу тілі және жазбаша тілі бар. Сөйлеу тілінің сипатына байланысты елде әр түрлі диалектілердің көп немесе аз болуы қалыпты жағдай. Жазба тіл мәдениет тілі ретінде біріктіруші ерекшелігі бар. Жоғары оқу орындарында түрік тілі курстарын оқыту себептерінің бірі сөйлеу тілін жазбаша тілге барынша жақындату болғандықтан, ортақ тілде жазуға және сөйлеуге қамқорлық жасау керек. Көне заманнан бері бір-бірінен алыс және кең географияда болған түріктердің тілі негізгі көзден пайда болған, бірақ ол осы ұзақ уақыт бойы және әр түрлі аймақтарда, кейде аз және кейде көптеген өзгерістермен өмір сүруін жалғастырып келеді. Іскерліктер: Көне замандағы түрікше шығармаларға талдау жасай білу. Түрік тілінің тарихына қатысты шығармалардың тарихи кезеңдерін ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; ауызша аудару дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Түрік тіліндегі шығармаларды талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; тарихи шығармаларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
БП, ТК	Түркітану	4	5	Менгеру мақсаты: Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарындағы даму бағыттарын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романының ерекшеліктері. Қысқаша мазмұны: Түркі халықтары – бір-бірімен бөлініп, жеке-дара өмір сүрген халықтар емес, қайта өзара тайпа-тайпа болып, жіті араласып, тығыз қарым-қатынаста бірге жасап келе жатқан, кейде өзара жауласып, кейде одақтасып отырған этникалық топтар. Сондықтан болар, көп жағдайда олардың тарихы, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, салт-дәстүрі, діні, тілі ортақ болып келген. Түркітану бір жағынан, сол көне түркі тайпалары мен халықтарының көптеген ғасырға созылған тарихын зерттеу барысында қалыптасқан пән болып саналса, екінші жағынан, әлі		Орта ғасырдағы түркі тілдері (қарахан-хорезм-қыпшақ тілдері)

					жас, көптеген проблемалары шешіле қоймаған, әлі де дами түсуге тиісті ғылым саласы. Күтілетін нәтижелер: Білім: Көне тарихта қолданылған «түрк» сөзі қазіргі кезде жаңа мазмұнға ие болған. Егер түрк атауы тек ертедегі «түрк будуны» тіркесінде ғана қолданылса, бүгінде «түркі» этнонимі түркі тілдес халықтарының, ру-тайпалардың бәріне бірдей өкілеттік жасайтын жалпы терминге айналды. Қазан төңкерісіне дейін «түркі» терминіне түрлі мағына беріліп, оны бірде татар, енді бірде түркі-татар терминімен теңестіріліп келді. Қазір түрк//түрік термині Түркияның негізгі халқының атауына айналды. Түрк сөзі тарихи уақиғаны білдіру үшін «Түрк қағанаты» деген тіркесте қолданылып жүр. Қалай болса да, түрк//түрік//түркі атауларының түп төркіні бір сөз. Іскерліктер: түркі тілдерінің зерттелу тарихын білу; олардың топтастырылып, жіктеліну принциптерін білу. Түркі тілдерінің тарихи дамуын тіл тарихымен байланыстыра анықтау, тілдік сыбайластықтың тарихи сырын анықтай білу. Дағдылар: Түркітану ғылымына байланысты теориялық мәселелерді сабақ процесінде практикамен ұштастыра білу, яғни теориялық білімін практикада қолдана білу дағдысы болуы қажет. Қүзіреттілік: Түркітану ғылымын меңгеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
12	БП, ТК	Түрік тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу практикасы	5	6	Меңгеру мақсаты: Түрік тілін меңгеруі аясында мүмкін болатын ауызша еркін сөйлеу және жазбаша ойын жеткізу практикасын меңгеру. Қысқаша мазмұны: Түрік тілінің грамматикалық ерекшеліктері. Ауызша немесе синхронды аударма жасаудағы мәселелердің шешімі. Түрік тілінің грамматикалық құрылысы мен ережелері. Күтілетін нәтижелер: Білім: Аударма процесінің заңдылықтарын игеру, аударма процесінің негізі тілдің грамматикалық құрылысы мен ережелері болып табылатыны түсіндіру. Аударма процесінің заңдылықтарын білу. Іскерліктер: Еркін сөйлеу, әрі аударма жасай алу,	Түрік тілі (C1, C2) Түрік тілінің тарихы	Түрік тілінің ауызша аудармасының практикасы Аударма теориясы мен практикасы

					Дағдылар: Аударма дағдысын қалыптастыру; іскерлік дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Ауызша және жазбаша аударма жасай білу құзіреттілігі.		
	БП, ТК	Практикалық түрік тілі	5	6	Меңгеру мақсаты: түрік тіліндегі арнайы мамандық бойынша терминдерді меңгеру, кәсіби сипаттағы мәліметтерді түсіне білу, мақсатты түрде ақпарат алмаса білу, кәсіби қарым-қатынаста дайындықсыз сөйлесуге дағдылану. Студенттер түрік тілінің грамматикалық құрылысы мен ерекшелігін, негізгі заңдылықтарын игереді, ойлау, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, ақпаратты түсініп талдауға үйренеді, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауға жаттығады. Қысқаша мазмұны: Күтілетін нәтижелер: Білім: Тіл дыбыстары, сөз таптары мен қосымшалар туралы төменгі кластарда алған теориялық білімдерін жүйелеу. Теориялық білімдерін ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерінде орынды қолдануға төселдеру. Тілдік және әдеби білімдерінің толығы. Іскерліктер: Түрік тілін оқудағы теориялық білімін практикамен ұштастыру. Тілдің заңдылықтарын ауызша, жазбаша жұмыстарда қолдану. Дағдылар: Фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік машықтары мен дағдыларын дамыту. Тілдік материалдарды салыстыра, дәлелдей, талдай, қорытындылай білу дағдыларын меңгеру. Құзіреттілік: Түрік тілінің грамматикалық құрылысы мен ерекшелігін, басты заңдылықтарын игеруде тілдік құзіреттілік.	Түрік тілі (C1, C2)	
13	КП, ТК	Орта ғасырдағы түркі тілдері (қарахан-хорезм-қыпшақ тілдері)	4	6	Меңгеру мақсаты: Курс студенттердің Қараханидтер кезеңінде түркі жазуының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыруды көздейді. Студенттер Қарахан мемлекетінің тілі, қарлұқ-хорезм тілдері, қыпшақ тілдері туралы деректермен танысады. Қараханидтер кезеңіндегі түркі жазбаларының жетістіктері туралы зерттеулерді, ғылыми еңбектерді меңгереді. Қысқаша мазмұны: Түркі халықтары тіршілігі мен мәдениетінің көне (V-VIII ғ.) дәуірінен кейінгі ортағасырлық кезеңінде, оның ішінде X-XII ғасырларда қараханидтер мемлекеті	Түркітану	

				өмір сүрді. Қараханид-тер династиясы кезінде Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі халықтардың ана тілі мен әдебиеті өркендеді. Бұл кезде қыпшақ, оғұз, қарлұқ және ұйғыр халықтарының тілдері негізінде араб графикасындағы түркі жазуы қалыптасты, ескерткіштер дүниеге келді. Ол ескерткіштер: «Қутадғу біліг» (XI ғ.), Махмұд Қашғаридың «Диван лугат ат-түрк» атты еңбегі (XI ғ.), Иүгнекидің «Һибатул хакайик» атты шығармасы. Күтілетін нәтижелер: Білім: Азия мен Қазақстандағы, Еділ бойындағы, Қырым түбегіндегі, Түркия топырағындағы түркі тілдес халықтарға ортақ мұра екендігі анықталып отыр. Ол ескерткіштер: Рабғузидың «Қысас ул- анбия», Абу Хайанның «Китаб ал-идрак ли-лisan ал-атрак» атты шығармасы, «Ортаазиялық тефсир», Саиф Сараидың «Гүлистаны», Құтбтың «Хосрау уа Ширины», Хорезмидың «Мухаббат-наме» атты поэмалары. Бұлар – араб әрпімен жазылып сақталған жәдігерліктер. Іскерліктер: Орта ғасырлардағы тілдік мұраларды ерекшеліктерін ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; зерттеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Түркі әдебиетінің маңызды шығармаларын талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
КП, ТК	Орта ғасырдағы қазақ тілінің тарихы	4	6	Меңгеру мақсаты: Пәннің мақсаты - ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері тілін оқыту. Курста «Қутадғу біліг» (XI ғ.), Махмұд Қашғаридың «Диван лугат ат-түрк» атты еңбегі (XI ғ.), Иүгнекидің «Һибатул хакайик», Рабғузидің «Қысас ул-анбия», Абу Хайанның «Китаб ал-идрак ли-лisan ал-атрак» атты шығармасы, «Ортаазиялық тефсир», Саифи Сараидың «Гүлистаны», Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Хорезмидің «Мухаббат-наме» жазба ескерткіштері оқытылады. Қысқаша мазмұны: Ертеден қалыптасқан қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылысының тарихи даму жолдары, жетілу әдістері сияқты толып жатқан проблемалық мәселелерін анықтаудың басты бір танымал жолы – XIII-XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдарын талғап, тандап, сұрыптап	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	

					тани білу, ескіні білу арқылы жаңаны тану, түркітану ғылымын одан әрі дамыту үшін арғы-бергі замандарда жазылып қалған мұраларды игеру, зерттеу, олардың қыр-сырын ашу, оларды қазақ халқының тарихи игілігіне пайдалану. Күтілетін нәтижелер: Білім: Орта ғасырлардағы әдеби үлгілердің мәтінімен таныс болу; орта ғасырлардағы қазақ тіліне тән негізгі белгілерді білу. Іскерліктер: Көркем шығармаға талдау жасай білу. Орта ғасырлардағы әдеби шығармалардың жанр түрлерін ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің үлгілерін талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
14	БП, ТК	Түрік фольклоры	5	7	Менгеру мақсаты: Түрік фольклорының көп қырлы табиғаты мен қалыптасу, даму, таралу, сақталу ерекшелігі туралы білім беру мақсаты қойылады. Студенттерге түрік тіліндегі фольклорлық шығармалардың мазмұны мен жанрлық ерекшеліктері таныстырылады. Студенттер түрік фольклорының дамуы мен қалыптасу кезеңдері, түрлері жайында білім алады. Қысқаша мазмұны: Түрік тілінде османлы түрінде немесе қазіргі кездегі Түркия Республикасында айтылатын әдеби формаларда жазылған жазбаша және ауызша мәтіндердің жиынтығы. Көптеген жазба корпусының негізін құрайтын осман түрік тілі парсы мен араб тілдерінің әсеріне қатты ұшырады және парсы-араб жазуы нұсқасын қолданды. Түрік әдебиетінің тарихы шамамен 1500 жылдық кезеңді қамтиды. Жазбаша түркі тіліне қатысты ең көне жазбалар Орхон жазбалары болып табылады, олар Моңғолияның орталығындағы Орхон өзенінің аңғарынан табылған және біздің заманымыздың VIII ғасырына жатады. Осы кезеңнен кейін, IX -XI ғасырлар аралығында Орталық Азияның көшпелі түркі халықтары арасында ауызша эпостық дәстүр пайда болды, мысалы: <i>Дедө Коркут кітабы</i> Оғыз түріктерінің-қазіргі түрік халқының тілдік және мәдени ата-бабалары және қырғыз халқының Манас эпосы. Күтілетін нәтижелер:		Қазіргі түрік әдебиеті

				Білім: Түрік фольклорының көп қырлы табиғаты мен қалыптасу, даму, таралу, сақталу ерекшелігі туралы білім беру. Түрік тіліндегі фольклорлық шығармалардың мазмұны мен жанрлық ерекшеліктерін білу. Түрік фольклорының дамуы мен қалыптасу кезеңдері, түрлері жайында білім алу. Іскерліктер: Фольклорлық шығармаға талдау жасай білу. Түрік фольклорындағы әдеби жанр түрлерін ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Түрік фольклорын талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
БП, ТК	Фольклорлық зерттеулер әдістемесі	5	7	Меңгеру мақсаты: Білім алушылардың фольклористика ғылымының әдіснамасы туралы және түркі халықтары фольклорының жанрлық түрлері мен ерекшеліктері жайында түсінігін қалыптастыру. Пәнді оқыту барысында студенттер түрік әдебиеті мен фольклорының әр кезеңдегі көрнекті өкілдерінің шығармашылығы туралы да мәлімет алады. Сонымен қатар фольклорлық мұраларды зерттеу әдістерінің ерекшеліктерімен таныс болады. Қысқаша мазмұны: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың ғылымилық ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың жүйелілігі және жоспарлылығы ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың оқушылардың саналылығы мен белсенділігі ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың қолжетімділік ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың пәнаралық байланысы ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың көрнекілілігі ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың инновациялылығы ұстанымы. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытудың тәрбиелік мәні. Күтілетін нәтижелер: Білім: Фольклористика ғылымының әдістемесі туралы және түркі халықтары фольклорының жанрлық түрлері мен ерекшеліктері жайында түсінігін қалыптастыру. Түрік әдебиеті мен	Әдебиеттану негіздері	

					фольклорының әр кезеңдегі көрнекті өкілдерінің шығармашылығы туралы да мәлімет алу. Фольклорлық мұраларды зерттеу әдістерінің ерекшеліктерімен таныс болу. Іскерліктер: Көркем шығармаға талдау жасай білу. Фольклорлық шығармаларды жанр түрлеріне ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Фольклорлық шығармаларды талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
15	БП, ТК	Қазіргі түрік әдебиеті	5	7	Менгеру мақсаты: Қазіргі түрік әдебиетінің көркемдік даму процесіне тән тенденцияларды, оның басым бағыттарын қарастыру, әлемдік көркемдік даму процесінде түрік әдебиетінің орнын анықтау. Студенттер қазіргі түрік әдебиетінің дамуын талдауға арналған жаңа теориялық еңбектерді, қазіргі түрік әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын көрнекті жазушылардың шығармашылығын оқиды. Қысқаша мазмұны: Әдебиеттанушы-ғалым Ахмет Кабаклы қазіргі кезең әдебиетін оның дамуы, саяси-әлеуметтік мәселелері, өнер бағыттарының иілімдерін ескере отырып, әдеби-эстетикалық тұрғыдан былайша саралайды: А) Ғаріпшілер немесе бірінші жаңа; Ө) Тәуелсіздер Б) Жаңа дәстүршілер; В) Екінші жаңа; Г) Социалист-қоғамшылдар; Ғ) Жаңа панисламистер; Д) Соңғы жаңалар Күтілетін нәтижелер: Білім: «Ғаріпшілер» деп аталатын топтың өкілдерімен танысып, білу. Негізгі көзқарасы, көркемдік-эстетикалық мәселелер. Тәуелсіздер деген топқа, негізінен, өз дәуірінде ешқандай әдеби топқа немесе әдеби ағымға қосылмай жеке шығармашылықтарымен белгілі болған қаламгерлер. Іскерліктер: Көркем шығармаға талдау жасай білу. Қазіргі түрік әдебиетінің жанр түрлерін ажырата білу.		

					Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Қазіргі түрік әдебиетінің маңызды шығармаларын талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
	БП, ТК	Түркі халықтары әдебиеті	5	7	Меңгеру мақсаты: Пәнді оқытудағы мақсат - туыстас түркі халықтарының әдебиеті жайында, ақындары мен жазушыларының өмірі мен шығармашылығы туралы білім беру. Әсіресе, қырғыз, татар, түрік, азербайжан, өзбек, башқұрт, қарашай, балқар, қарақалпақ, түркімен, т.б. түркі халықтарының көркем әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдерін, көрнекті өкілдерін, олардың әдеби туындыларының көркемдік ерекшелігін, тақырыптық сипатын, өзіндік ерекшелігін таныту көзделеді. Қысқаша мазмұны: Өл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Қадірғали, Баласағұни трактаттарының ерекшеліктері мен зерттеулері. Түркі халықтар әдебиеті тарихында ислам дәуірі. «Орхон» трилогиясы, «Қорқыт ата кітабы», «Жамиғ-ат Тауарих». Тәңірлік дәуір әдебиеті. «Алып Ер Тоңға» дастаны. Ғұндардың батырлық жырлары. Қырғыз әдебиеті. Татар әдебиеті. Өзбек әдебиеті. Түркімен әдебиеті. Түрік әдебиеті. Әзірбайжан әдебиеті. Башқұрт әдебиеті. Ұйғыр әдебиеті. Күтілетін нәтижелер: Білім: Түркі халықтарының әдеби мұраларының жанрлық табиғатын білу. Түркі халықтарының шығармаларының жанрлық түрлерін, варианттарын ажырата білу. Түркі өркениетінің даму тарихының әдеби шығармалармен байланысын анықтау. Іскерліктер: Түркі халықтарының әдеби мұраларына талдау жасай білу. Түркі халықтарының шығармаларын әдеби жанр түрлерін ажырата білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; шығармашылық дағдысын қалыптастыру. Құзіреттілік: Түркі халықтарының шығармаларын талдаудағы зерттеушілік құзыреттілік; әдеби мұраларды игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.		
16	БП, ТК	Іскери түрік тілі	5	7	Меңгеру мақсаты: Мәдениет аралық қарым-қатынаста қажетті деңгейде арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыру, дамыту.	Түрік тілінің ауызша және	

				Сондай-ақ іскерлік кездесулер, келіссөздер жүргізу, халықаралық іскерлік ортада таныстырылымдар өткізу бағытында тілді кәсіби міндеттерді жүзеге асыру үшін қолдана білуге үйрету. Сөйтіп нақты қарым-қатынаста тілдің қатынас құралы қызметін жүзеге асыруға қол жеткізу. Қысқаша мазмұны: Түрік тілі – ел ішінде де, шетелде де шет тілі ретінде оқытылатын және әсер ету аясы күннен-күнге кеңейіп келе жатқан тіл. Түрік тілінде іс-қағаздарын жүргізу. Іскерлік түрік тілінде жүргізілетін зерттеулерде, ең алдымен, басқа тілдерде қандай жол бар екені зерттелуі керек және осыдан түрік тілінде оқытылуы керек іскерлік бағыттарды дұрыс анықтау керек. Мәтін типтерін білу. Сөйлеу әрекеттерінің түрін ажырату. Күтілетін нәтижелер: Білім: Мәтін типтерін тану, сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлерін меңгеру. Сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлерін қазақ тілінде іске асыру. Тілді тұрмыстық, кәсіптік, іскерлік байланыс мақсатында пәнге берілген сағат бойынша лексика-грамматикалық, фонетикалық минимум негізінде меңгеру және тұрмыстық, кәсіби және іскерлік қарым-қатынаста пайдалану. Іскерліктер: Сөйлеу актілерінің типтерін және тиісті диалог типтерін қолдану. Оқулықпен, анықтама материалымен, құжаттармен, мерзімді баспасөз, әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдылану керек. Дағдылар: Дәрісханадағы ситуацияларды дамытуда қойылған сұрақтар және алынған жауаптар, талдау дағдысы, сыни оқу дағдысы, сөйлеу дағдысы. Жеке және топтық жобаға қатысу зерттеу жұмысын және презентацияны жүргізу. Сол сияқты талдау, дербес ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. қолдана білуі: берілген лексикалық тақырыптар көлемінде сөйлей және сөйлесе білу. Құзіреттілік: Келешектегі кәсіптік қызметті жетілдіру үшін жоғарғы оқу орнында, жоғары оқу орнынан кейінгі алған білімін және іскерлігін өз бетінше арттырудағы зерттеушілік құзыреттілік.	жазбаша сөйлеу практикасы	
БП, ТК	Іскери қазақ тілі	5	7	Меңгеру мақсаты: Бұл пән студенттердің тұрмыстық сөйлеу тілін кәсіби мамандық аясында өз қызметін мемлекеттік тілде іскери деңгейде жүргізе білуге үйрету мақсатын қояды. Пәннің	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	

					негізінде студенттердің білім диапазонын кеңейту, оларды қызықты да қажетті мәліметтермен таныстыру көзделеді, ресми құжаттарда қолданылатын термин сөздер мен сөз тіркестерін жағдаяттық-коммуникативтік тапсырмалар арқылы меңгертуге назар аударылады. Қазақ тілінде іс-қағаздарын жүргізу. Мәтін типтерін білу. Сөйлеу әрекеттерінің түрін ажырату. Қысқаша мазмұны: Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мәтіндердің функционалды түрлері, ресми іс-қағаздары, публицистикалық текстер, ғылыми стиль, ғылыми мәтін, ғылыми стильдің ауызша түрлері, ғылыми стильдің жанрлары. Жазба жұмыстарын жүргізу. Күтілетін нәтижелер: Білім: Мәтін типтерін тану, сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлерін меңгеру. Сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлерін қазақ тілінде іске асыру. Тілді тұрмыстық, кәсіптік, іскерлік байланыс мақсатында пәнге берілген сағат бойынша лексика-грамматикалық, фонетикалық минимум негізінде меңгеру және тұрмыстық, кәсіби және іскерлік қарым-қатынаста пайдалану. Іскерліктер: Сөйлеу актілерінің типтерін және тиісті диалог типтерін қолдану. Оқулықпен, анықтама материалымен, құжаттармен, мерзімді баспасөз, әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдылану керек. Дағдылар: Дәрісханадағы ситуацияларды дамытуда қойылған сұрақтар және алынған жауаптар, талдау дағдысы, сыни оқу дағдысы, сөйлеу дағдысы. Жеке және топтық жобаға қатысу зерттеу жұмысын және презентацияны жүргізу. Сол сияқты талдау, дербес ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. қолдана білуі: берілген лексикалық тақырыптар көлемінде сөйлей және сөйлесе білу. Құзіреттілік: Келешектегі кәсіптік қызметті жетілдіру үшін жоғарғы оқу орнында, жоғары оқу орнынан кейінгі алған білімін және іскерлігін өз бетінше арттырудағы зерттеушілік құзыреттілік.		
17	КП, ТК	Түрік тілінің ауызша аудармасының практикасы	5	7	Меңгеру мақсаты: Курстың мақсаты студенттерді дұрыс әрі нақты интерпретация жасауға бейімдейді. интерпретация процесінің бөлігі ретінде халықаралық, саяси, экономикалық, ғылыми және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында әртүрлі	Түрік тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу	

				мәдениеттер мен тілдердің өкілдері арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін студенттер арасында тілдік, аударма және әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерді қалыптастыру. Бұл курстың мақсаты - интерпретация процесінің бөлігі ретінде халықаралық, саяси, экономикалық, ғылыми және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында әртүрлі мәдениеттер мен тілдердің өкілдері арасындағы өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін студенттер арасында тілдік, аударма және әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерді қалыптастыру. Қысқаша мазмұны: Ауызша аудармаға қойылатын талаптар, ауызша аударма түрлерінің жіктелуі, аудармашылық нотация техникасы. Күтілетін нәтижелер: Білім: Грамматикалық, фонетикалық, лексикалық білімдерін жетілдіру арқылы тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастырады. Аударма жасау барысында фонетикалық, морфематикалық, синтаксистік және компонентті талдау жүргізуді үйренеді; Аударма барысында практикалық және кәсіби біліктілігін арттырады. Іскерліктер: Аудармашылық трансформацияларды қолдана отырып екі жақты ауызша аударма жасауды үйренеді. Дағдылар: Аударма жасау барысында ауызекі аудару этикасын қалыптастырады. Дауыс ырғағының түсінікті және біркелкі шығуын дамытады. Құзіреттілік: Кәсіби құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік.	практикасы	
КП, ТК	Аударма теориясы мен практикасы	5	7	Меңгеру мақсаты: Болашақ аудармашы мамандарды аударманың лингвистикалық теориясының негізгі қағидаларымен таныстыру. Тілдің базалық, лексикалық және стилистикалық ерекшеліктерін меңгеру арқылы бір тілден екінші тілге ауыстыруды меңгеру. Қысқаша мазмұны: Аудармашылық қызметтің адамзат тарихындағы орны. Аударма теориясының қалыптасуы мен дамуы. Аударма теориясының негізгі ұғымдары. Тілдік дәнекерліктің басқа түрлері: қысқартылған, аударма, өңделген аударма, Аударма процесінің аударылатын мәтіннің түріне тәуелділігі. Аударманың психо-лингвистикалық классификациясы.	Түрік тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу практикасы	

				Аударманың эквиваленті. Аударма модельдері, Аударма процесі. Күтілетін нәтижелер: Білім: Аудармашылық іс-әрекеттің негізгі концепцияларын білу. Теориялық білімді игеріп, оны кейіннен негізгі мамандық бойынша кәсіби және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде пайдалану. Лингвистикалық, лексикографиялық және арнайы әдебиетпен жұмыс істей білу. Теориялық білімді практика жүзінде қолдана білу. Іскерліктер: Жазбаша және ауызша аударма жасай білу. Дағдылар: Айтылым дағдысын қалыптастыру; жазбаша және ауызша аудару дағдысын қалыптастыру. Аударманың практикалық дағдыларын игеру және дамыту. Құзіреттілік: Курсты игеру барысында қалыптасатын аудармашылық құзыреттілік.		
--	--	--	--	--	--	--